



«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
ЛИГАСЫ» ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАҰЙМАДАСТЫҒЫ
QAZAQSTAN RESPUBLIKASY,
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL
AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8,
614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА
АКАДЕМИЧЕСКОЙ
ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА
КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-
СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ,
ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614
КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER
EDUCATIONAL INSTITUTIONS
«ACADEMIC INTEGRITY
LEAGUE» THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN, 010000, NUR-
SULTAN CITY, ESIL DISTRICT,
KORGALZHYN AVENUE, 8, 614
ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

«Академиялық адалдық нормалары. Нормалар мен қағидаттарды бұзу» бейне дәрістің мәтіні

Армысыздар, менің атым Кابدесов Кенжехан Талғатұлы, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университетінің Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысымын. Бүгін Академиялық Адалдық Лигасы ұйымдастырған бейнедәрістер аясында сіздерге презентация көрсеткім келеді. Презентацияның тақырыбы – «Академиялық адалдық нормалары: нормалар мен қағидаттарды бұзу». Қосымша қарастырылатын тақырыптар: университеттегі академиялық адалдықты нормативтік реттеу; академиялық адалдықты бұзудың түрлері мен формалары; академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып материалдар орналастыру критерийлері.

Бастамас бұрын ең алдымен академиялық адалдықтың анықтамасын қарастырған жөн. Әртүрлі зерттеулерге, университеттердің құжаттарына сүйенсек академиялық адалдықтың анықтамалары сантүрлі, дегенмен UA Academic integrity best practice principles құжатында қысқаша да мәнді анықтама көрсетілген. Академиялық адалдық – оқуда, оқытуда және зерттеуде шындық, сенім, құрмет және жауапкершілік құндылықтардың ұстануды білдіреді. Бұл қағидаттарды ешкім бақыламаған кезде де ұстануымыз қажет. Сол себепті әрбір оқу орны студенттер мен оқытушылар өз қызметінде салмақты моральдық және этикалық шешімдер қабылдауға көмектесетін өзінің академиялық ережелерімен адалдық нормаларын белгілейді.

Университетте академиялық адалдықты нормативтік реттеу - білім беру ортасында әділдікті, адалдықты және тиісті тәжірибені қамтамасыз етуге арналған ережелер, саясаттар мен процедуралар жүйесі. Бұл шаралар оқу процесінде академиялық адалдықты бұзудың алдын алуға көмектеседі.

Академиялық адалдықтың элементтері:

Адалдық кодексі. Академиялық адалдық кодексі (немесе Академиялық этика кодексі) әдетте университеттер мен басқа оқу орындарында оқу және зерттеу орталарында адал және

Академиялық адалдық нормалары. Нормалар мен қағидаттарды бұзу



«AKADEMIALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY
QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY,
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

этикалық мінез-құлық стандарттарын белгілейтін принциптер, нормалар және ережелер жиынтығы. Бұл кодекс студенттердің, оқытушылардың және зерттеушілердің академиялық және этикалық стандарттарды ұстануға қатысты қағидаттарын анықтайды.

Оқыту мен керекті ақпарат беру. Университет студенттер мен оқытушыларға академиялық адалдықтың не екенін, плагиатқа жол бермеу және дереккөздерге қалай дұрыс сілтеме жасау керектігін түсіну үшін ағартушылық іс-шаралар, семинарлар мен тренингтер өткізу жөн.

Плагиат анықтаушылар: Университет студенттердің жұмысындағы плагиатты анықтауға көмектесетін арнайы бағдарламалар мен қызметтерді пайдалана алады. Бұл олардың жұмысының түпнұсқалығын тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

Бағалау ашықтығы. көбінесе оқушылар мұғалімдердің өз жұмысын қалай бағалайтынын түсінбейді. Сондықтан студент жұмысын бағалаудың анық және айқын критерийлерін көрсету қажет.

Студенттерге қолдау көрсету: Университет студенттерге академиялық жазу дағдыларын, соның ішінде дұрыс сілтеме жасау, жоспарлау және құрылымдау жұмысын дамыту үшін қолдау мен ресурстарды ұсынады.

Санкциялар жүйесі: Тұтастық кодексінде академиялық адалдық бұзылған жағдайда мүмкін болатын санкциялар туралы ережелер болуы керек. Бұл жұмыс үшін «қанағаттанарлықсыз» бағаны, тәртіптік жазаны және аса ауыр жағдайларда университеттен шығаруды қамтуы мүмкін.

Академиялық адалдықты бұзу түрлері мен формаларын талқыладық енді силлабусқа көңіл бөлейк.

Силлабусты академиялық адалдық қағидаттарына сай қалай дайындауымыз қажет?

Ол үшін бірнеше қадамдар қарастырылған.

Курс сипатамасы. Курстың сипаттамасы студенттерге анық және қысқа түрде қамтылған негізгі мазмұны, меңгерілетін дағдылар, оқу нәтижелері мен пайдасы жайлы

Академиялық адалдық нормалары. Нормалар мен қағидаттарды бұзу



«AKADEMIYALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAUYMDASTYGY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASY,
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ақпарат беруі тиіс. Сиппатамыны оқыған кезде студентің пән жайлы жалпы түсінігі қалыптасуы қажет.

Әдебиеттер тізімі мен курс материалдары. Бұл бөлімде әдетте әдебиет тізімі ғана көрсетіледі. Дегенмен, оған қоса, сол әдебит тізімі қалай және неліктен таңдалғаны, студенттерге пайдасы жайлы айта кетуге де болады.

Курсқа қатысу саясаты. Силлабуста жиі жалпылама университеттің сабаққа қатысу саясатынан көшірілген мәтін көрсетіледі. Айтқанмен, студенттерге қатысу маңыздылы жайлы түсіндіру жөн. Мәселен, сабан аптасына бір рет өткізілген кезде, бір рет сабақты өткізу – 15 аптаның бірталай бөлігіне тең. Келесі тақырыптарды ұғу қиынға түсуі мүмкін. Бұл жайтты түсінген студент, сабақты өткізбеуге тырысады.

Бағалау саясаты. Айтып кеткендей, көп жағдайда студенттер оқытушылар олардың жұмыстарын қалай бағалайтынын түсінбейді. Жазбаша, ауызша тапсырма болсын, анық әрі де айқын бағалау критерийлерін көрсету курстың тиімді әрі сәтті өтуінің кепілі.

Академиялық адалдық. Бұл бөлімде академиялық адалдықтың маңызы, сондай-ақ адалдық қағидаттарын бағалау және сабақ беру барысында қалай қолданылатыны жайлы түсіндіруге болады. Атап айтқанда, студенттердің жұмысы плагиатқа қалай тексеріледі, ол үшін қандай қосымшалар қолданылады, оған қоса академиялық бұзушылық болған жайғдайда қолданылатын ықпалшаралар жөнінде ақпарат беруге болады.